

Әліқожаева А.С.

**Ғаламтордағы ақпарат  
еркіндігі мен ақпараттық  
қауіпсіздік мәселелері**

Мақалада автор ғаламтор ақпараты туралы мәселелерді қарастырған. Кез келген адам ақпаратты еркін іздестіруді, оны алуды, шығаруды және таратуды заң жүзінде жүзеге асыруы тиіс. Аталған құқық сөз еркіндігі бойынша халықаралық құқық туралы құжаттарда бекітілген. Құқықтық тұрғыда оны талдауда ақпарат алу мүмкіндігі бүгінгі ғылымда екі мағынада, яғни тар және кең мағынада түсіндіріледі. Алғашқы мағынада ақпаратқа тек қол жеткізу құқығы қарастырылса, екінші жағдайда ақпаратқа және онымен жұмыс жасаудағы барлық субъективтік құқықтарды жатқызады.

**Түйін сөздер:** ғаламтор, ақпарат, субъективтік құқық, қауіпсіздік, ақпараттық кеңістік.

---

Alikozhayeva A.

**Freedom of information in  
internet and informational issues  
of security**

The author considers the problem of online information. Everyone's right to information is the right to seek, receive, transmit and distribute the information carried by any legal ways. This law creates a presumption enshrined in international instruments of the right to freedom of opinion and expression. In recent years, put forward different approaches to understanding the nature of the right to information. On the question of the powers included in the right to information and its interpretation in science today has developed two approaches – narrow and wide.

**Key words:** Internet, information, information issues, security, information spaces.

---

Алиқожаева А.С.

**Свобода информации  
в Интернете и  
информационные вопросы  
безопасности**

В статье автор рассматривает вопрос об Интернет информации. Право каждого на информацию – это право свободно искать, получать, передавать и распространять информацию производится любым законным способом. Данное право исходит из закрепленного в международных документах права на свободу убеждений и свободу их выражения. За последние годы выдвинуты различные подходы к пониманию природы права на информацию. По вопросу состава правомочий, входящих в право на информацию, а также его трактовки в науке сегодня сложилось два подхода – узкий и широкий.

**Ключевые слова:** Интернет, информация, информационные вопросы, безопасность, информационное пространство.

## **ҒАЛАМТОРДАҒЫ АҚПАРАТ ЕРКІНДІГІ МЕН АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Кез келген мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ақпараттық қауіпсіздік өзекті проблема екендігін халықаралық тәжірибе растайды. Әлемдегі бірде-бір мемлекетте ғаламтордағы және электрондық төлемдердегі кибер қылмыстың, вирустардың таралуының, жағымсыз хабарлар (бұдан әрі – спам) мен ерсі ақпараттардың, қарақшылық пен алаяқтықтың негізгі түрлеріне қарсы тұрақты иммунитет жоқ. Ақпараттық қауіпсіздікті қорғау – ұлттық ақпараттың зияткерлік меншігін қорғау.

Ғаламтор арқылы таралатын компьютерлік вирустардың, ерсі ақпараттардың, қоғамға қарсы үндеулердің, спам, ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуге жол бермеудің, ғаламторды пайдалануға қолданылатын қорғау құралдарын пайдаланудың тәртібін белгілеу, сондай-ақ мұндай құқық бұзушылық жасаушы тұлғаларды тиімді анықтау және жазалау үшін нормативтік шарттар жасау өте қажет.

Бірыңғай ақпараттық кеңістікті құқықтық жағынан қамтамасыз етумен қатар субъектілердің ақпараттық өзара әрекет етуі ақпаратты қорғаудың ұйымдастырушылық және техникалық шараларын қабылдауды талап етеді.

Ғаламтор қазіргі кезде құқықтық реттеудің қызықты сегменті болып табылады, оның себебін формалды құқықтық реттеудің жоқтығымен түсіндіруге болады. Бүгінгі таңда ғаламтордың формалды құқықтық реттеуін қалыптастыру жүзеге асуда. Бірақ ол жаңа технологиялардың дамуы мен олардың қолданушыларға арналған мүмкіндіктерінің ұлғаюына ілесе алмауда. Егер ғаламтор саласына қатысы бар құқықтық нормативті актілерге келетін болсақ, оларды келесідей сипаттауға болады: әзірге жалпы әлемде ғаламтор саласын қамтитын қалыптасқан заң жоқ, халықаралық деңгейде ғаламтор мәселелерін зерттеп отыруға да мүмкіндік болмай отыр. Бұл мәселені шешудің ең ыңғайлы жолы – бірыңғайланған ұлттық заң, алайда оны жүзеге асыру оңай дүние емес, бірақ бұл мәселе туралы жасалған ұғымның өзі тұйықтан шығудың алғышарты.

Егер ғаламтор саласын қамтитын заңдық құжаттарды блоктар бойынша бөліп қарастырсақ, ғаламтор құқығының дамуын байқай аламыз. Мысал үшін келесі блоктарға қазіргі бар құжаттарды бөліп қарастырсақ: 1) 2000 жылғы заңнама, 2) 2000-

2003 жыл аралығында қабылданған құжаттар, 3) 2004 жылдан бергі нормативтік актілер. Егер бірінші блоктағы нормативті актілер жайлы айтатын болсақ, онда негізінен ғаламтор стратегиялық мақсаттарда пайдаланылды. Осы мерзімде жасалынған құжаттарды сараптай келе, жаңа технологияларды қолданудағы қажеттілікті түсіну мен оны әлеуметтік өмірге ендіру үдерісі жүріп жатты деген тоқтамға келуге болады (мектептердегі, денсаулық сақтау орындарындағы және басқа жерлердегі ғаламторға қосылулар). Мысалы: – «Жалпыхалықтық электронды каталог пен кітапхана аралық кітап алмасу үшін ғаламторға шығу мәдениетін құру бойынша мекемелерді басқару» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің Тұжырымдамасы, № 905 1999 жылдың 30 маусымынан, «Салауатты өмір салты» кешенді бағдарламасы жайлы);

– «Телекоммуникация желілерін модернизациялау ғаламтордың, электронды поштаның және ұялы телефон байланысының қарқынды дамуында маңызды рөл ойнайды» (2003 жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің 2004-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы ауылдық жерлерді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы) [1]. 2004 жылдан бастап нормативтік актілер жарияланды. Осы жыл ғаламтордың құқықтық статусы үшін айтарлықтай маңызға ие. Себебі электронды үкімет құру туралы бірнеше құжат қабылданды. Осыдан бастап заңнамалық құжаттар арта бастады. Ғаламтор түсінігі кездесетін нормативті-құқықтық актілердің басым бөлігі «электронды үкімет» мемлекеттік жобасына, оны ендіру механизмдеріне және т.б. арналған. Сонымен қатар пайдаланушылар мен ғаламтор-жобалардың меншік иелеріне қатысты бірнеше құжатқа да назар аударуға болады. 2005 жылы Қазақстан Республикасының ақпараттандыру және байланыс Агенттігі «Ғаламтор желісіндегі қазақстандық сегментінің домендік кеңістігін бөлу ережелерін» бекітті. Бұл ережелер мемлекеттің Ғаламтор-ресурсы иелерін бақылауға алуға ниеттенген алғашқы талпынысы деп атауға болады, себебі құжат веб-сайттарды тіркеу үшін қажет арнайы талаптарды анықтады. Домендік атау иесіне қойылатын негізгі талап оның ел аумағында тұруы болды. Аталған норма 4 бөлімде егер «тіркелген домендік атаудағы домендік атауы бар WEB-сервер Қазақстан Республикасынан сырт жерлерде орналасқан жағдайда» домендік атауды тіркеуді тоқтатуы анықталған. Осылайша, доменді тіркеуге алу туралы өтінішті толтырарда, регистрант (жеке немесе заңды тұлға) кем дегенде екі Қазақстан

аймағында орналасқан, желідегі жұмыс үстіндегі DNS-сервер туралы мәлімет береді. Олай болмаған жағдайда тіркеуге алу өтініші кері қайтарылады. Ол кезде аталған ережелер үлкен шу туғызды, себебі көптеген сайт иелері шетелдік компаниялар қызметінің тартымды бағасы үшін Қазақстан аумағынан тысқары тұруды жөн көретін. Халықты жеке компьютерлермен жұмыс тәсілдеріне үйрету үшін жасалған «Компьютерлік сауаттылық» оқу жоспарына назар аударып қарайтын болсақ, курс мазмұнында Қазнет пайдаланушыларының отандық заң қарастыратын заңдық жауапкершілігі туралы жазылмаған. Осылайша, біздегі пайдаланушылардың көпшілігі желіде жұмыс істеу жауапкершілігін біле бермейді. 2007-2009 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы ақпараттық теңсіздікті төмендету Бағдарламасының аясындағы «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның атқарылған жұмысы жайлы анықтама бойынша «2007 жылы компьютерлік сауаттылық бойынша Қазақстанның 780 295 азаматы сертификатталған. 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 2512 сынып оқытылып, тестіленген және 318 921 адам сертификатталған» [2].

Сонымен қатар тағы екі заңнамалық бастамаға көңіл бөліп кетуге болады, олар Қазнеттің болашақ дамуын анықтады. Бірінші бастама бұл 2008 жылы көктемде қабылданған «2008-2012 жылдарға арналған ғаламтор желісінің қазақстандық сегментінің (Қазнет) біртұтас ақпараттық кеңістігін қалыптастыру мен дамыту концепциясы». Бұл құжат жеке түсіндірмелерді талап етпейді, себебі тақырыбынан бәрі түсінікті болып отыр, алайда 4.2 бөлімге – «Ұлттық заңнаманы жетілдіру» бойынша назар аудару қажет, себебі ол ғаламтор саласына қатысты жаңа құқықтық-нормативті актілерді (ҚНА) жасаудың болашақ қадамдарын анықтайды. Сонымен осы бөлімге сәйкес ғаламтор саласында заңдық құжаттарды жасаудың басты мақсаты пайдаланушылар, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар мен мемлекеттік органдардың т.б. мүдделері болып табылады. Заң шығарушылар негізге алуы тиіс тұжырымдарға келетін болсақ, олардың кейбірін сөзбе-сөз келтіру қажет: «Ғаламтордың жаһандық ақпараттық ресурстарға шектеусіз қол жеткізу құралы ретіндегі әлеуметтік маңыздылығы оның жұмыс жасау аспектілеріне, тұлға, қоғам, мемлекет үшін маңызды деген құқықтары мен заңды мүддесіне қатысты (мысалы, азаматтардың жеке өмірін қорғау, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттің мүддесін қорғау, құқық қорғау)

нормалар мен ережелерді заңнамалық (заңдық) бекітуді талап етеді».

Осы концепция қабылданған соң бір жылдан кейін, 2009 жылдың жазында Қазақстан Республикасының «Ақпараттық-коммуникациялық желілер мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Ол тек ҚазНет пайдаланушылары ғана емес, жалпы халықаралық деңгейде резонанс тудырды. Заң жобасын үкіметтік, кейін заңнамалық деңгейде талқылау барысында қоғамның пікірі есепке алынған жоқ. Бірқатар қоғамдық ұйымдар Қазақстан аймақтарында қоғамдық тыңдаулар өткізді, Президент пен Парламентке ашық хаттар жолданды, алайда заң қабылданып кетті. Осы жылы күзде баспасөзде Қазақстанның Ғаламтор Ассоциациясының құрылатындығы жөнінде ақпарат тарайды. Бұл ұйымның мақсаттарының бірі Қазнет пайдаланушыларының мүддесін қорғайтын заңнамалық бастамаларды жүзеге асыру деп мәлімделді.

Соңғы кезде көптеген елдерде ғаламторды құқықтық жағынан реттеу мәселелері жиі көтеріле бастады. Ғаламторды құқықтық реттеу зорлық-зомбылық, порнография, жала жабу мен қорлау секілді адамгершілікке жат дүниелердің алдыналу үшін қажетті шара ретінде қарастырылады. Алайда мұны адасушылық деп бағалауға болады, себебі кез келген ұлттық заңнамада жоғарыда аталған мазмұндағы ақпарат тарату үшін жаза механизмдері қарастырылған.

Имандылыққа қатысты ҚР заңнамалары тек дәстүрлі БАҚ-на (телевизия, радио, газет) ғана емес, жаңа ғаламтор БАҚ-на да қатысты. 2009 жылдың 10 шілдесінде «Ақпараттық-коммуникациялық желілер мәселелеріне қатысты ҚР актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына сәйкес БАҚ туралы Заңға енгізілген соңғы өзгерістер бойынша БАҚ-на енді кезкелген Ғаламтор-ресурс жатады. Ал «Ғаламтор-ресурс» термині өте кең ұғым, оған ғаламтордағы дүниенің барлығы (ғаламтор-дүкендер, ғаламтор-телевизия, блогтар, форумдар, чаттар, шектеулі желілер және т.б. қосқанда) жинақталады.

«Ғаламтордағы порносайттардың (оның ішіндегі балалар порнографиясы да бар) қолжетімділігі маңызды проблемаға айналып тұр. Қазақстанда ғаламтор арқылы порнографиялық материалдарды таратуға тыйым салу және шек қоюға мүмкіндік беретін механизмдер жоқ». Бұл мемлекеттің бала порнографиясына қатыс-

ты көзқарасы, ол 2004 жылы БҰҰ бала құқығы жөніндегі Конвенциясының Факультативті хаттамасының ұстанымдарын орындау мақсатында ҚР жүзеге асырған шаралар туралы алғашқы баяндамасы арқылы таныстырылды. Шын мәнінде Қазақстанда порнографиялық сайттарға (тек шетелдік қана емес, Қазақстандық та бар) ашық қолжетімділік мәселесі бар. 2007 жылы Павлодар қаласында сұмдық оқиға болды. Қазақстанда алғаш рет жас балаларды қорлаған педофил ұсталды, ол бастан-аяқ әрекетін бейнетаспаға түсіріп, порнографиялық ғаламтор-сайттар арқылы сатқан[3].

Заңнамалық деңгейде мемлекеттік органдардың заңды және жеке тұлғаларға ақпараттық қызмет көрсету үшін веб-сайттар жасау, оларды тұрақты түрде ақпаратпен толықтырып отыру міндеті енгізілген болатын (әкімшілік процедуралар туралы Заң, 15-2). Веб-сайттарды безендіру мен мазмұнына байланысты талаптар ойластырылды (Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 3 қазанындағы №891 «Мемлекеттік органдардың веб-сайттарында орналасқан мемлекеттік органдар туралы электронды ақпараттық ресурстар тізімін белгілеу» туралы Қаулысы), 2007 жылдың 13 шілдесіндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің №598 «Мемлекеттік органдар веб-сайттарында электронды ақпараттық ресурстарды орналастыру ережелері» туралы Қаулысы). Мемлекеттік органдар веб-сайттарында жариялануы тиіс ақпараттардың міндетті тізімі әкімшілік процедуралар туралы Заңында қарастырылған (15-2) [4].

Осы бағытты белсенді түрде дамыта отырып, Үкімет ақпарат саласындағы ұстаным мәселелерінің реттелмеуіне байланысты үлкен проблемамен кезікті: «ақпараттың» «ашық немесе халықтық ақпарат» заңдық түсінігінің болмауы, ақпаратты қоғамға пайдалы деп табатын критерийлердің жоқтығы, жеке мәліметтерді қорғауға байланысты мәселелердің реттелмеуі. Мысалы, жеке мәліметтерді қорғау туралы заңды тек келесі жылы ойластыру жоспарлануда. Іс жүзінде мемлекеттік органдардың веб-сайттарына қатысты талаптар формалды түрде ғана қарастырылады, сайттарда көп жағдайда адамдарға қызықты, шын мәнінде пайдалы ақпарат кездеспейді, олар жаңартылмайды не сирек жаңартылады, оның үстінде ақпарат іздеу өте қиын, мемлекеттік органның жұмысы нәтижелері мен жоспарлары, іске асырылып отырған бағдарламалар, көрсетілетін қызметтер туралы толық ақпарат жоқ, кейбір сайттар сұрақтарға

жауапты заңдарға, құқықтық-нормативті актілерден үзінділерге сілтеме түрінде беріледі, бұл пайдаланушыны әрқашан толық қанағаттандыра бермейді. Сонымен қатар, көптеген сайттардың форумдары бар, бірақ оларға не ештеңе жазылмаған, не шектен тыс үлкен.

Қазақстанда ғаламтордағы авторлық құқықты реттейтін механизмдер әзірге жоқ. Мысалы, АҚШ-та интеллектуалдық меншік құқығын «Көшіру құқығы туралы» Заң реттейді, ол авторлық құқықтың бұзылуын тек көшіру ғана емес, сонымен қатар заңсыз көшіруден сақтайтын арнайы қорғау құралдарын айналып өтуге мүмкіндік беретін технологияларды өндіріп, тарату мәселелерін де қарастырады. Бұл құжат ғаламтордағы авторлық құқықтың бұзылуы үшін жауапқа тартуды қатайтады, әрі провайдерлерді пайдаланушылардың іс-әрекеті үшін жауаптан босатады.

Еуропа елдерінде де осыған ұқсас құқықтық механизмдер бар.

Қазіргі кезде ұлттық заңнамада авторлық құқық мәселесін ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 жылы қабылданған Заң қарастырады. Сол уақытта құқық саласындағы көптеген сарапшылардың пікірінше, нормативті құқықтық актілердің қазақстандық жүйесінің қалыптасуы сияқтанды, себебі ол авторлар құқығын қорғаудың халықаралық деңгейін қарастыратын, «әдеби және мәдени ескерткіштерді қорғау туралы» Берн Конвенция-

сына сәйкес келетін. Бұл құжатта қорғаудың минималды түрі қарастырылған, яғни құжат тек мүше мемлекеттер қадағалауы тиіс авторлық құқық нормаларының тек кейбірін анықтайтын. Мысалы, Конвенцияның 18-бабы, Қазақстан тек шетелдік авторлар туындыларын ғана емес, өз азаматтарының да авторлық құқығын қарастыруы қажет деп белгілейді. Бұдан өзге Қазақстан авторлық құқық жөніндегі Бүкіләлемдік Конвенцияның мүшесі болды және авторлық құқықты екіжақты бірлесіп қорғау туралы ондаған келісімдерге қол қойды.

Қорыта келгенде, ғаламторды қылмыстық мақсатта қолдануға жол берілмейді. Заңсыз контент жасаған кінәлілер өз еліндегі сот тәртібі бойынша жауапқа тартылуы тиіс, бірақ заңнамалық және құқық қорғау органдарының іс-әрекеті тек осындай контентті тоқтатуға бағытталып, ғаламтордың инфрақұрылымына тарамауы тиіс.

Өзін-өзі бақылау элементтерінің бірі болып, тек сот отырысына дейін дауды қарастырудың міндетті кезеңін құру, құрамына ғаламтор саласының сарапшылары (зерттеушілер), ғаламторқауымдастықтың өкілдері мен заңгерлер (іс ерекшелігіне байланысты қосымша мамандарды тарту мүмкіндігін де қарастыру қажет) кіретін, онлайн-дауларды шешетін Қоғамдық кеңес тағайындау болып табылады. Кеңес мемлекеттік органдардан және мемлекеттік қаржыландырудан тәуелсіз болғаны абзал.

#### Әдебиеттер

- 1 «Информационные и телекоммуникационные сети» журналы //2000 ж., №12.
- 2 «Интернет желісі қазақстандық сегментінің (Қазнет) бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру мен дамытудың 2008-2012 жылдарға арналған тұжырымдамасы» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 сәуірдегі №358 Қаулысы.
- 3 <http://www.alexacom>.

#### References

- 1 «Informacionnie i telekommunikacionnie ceti» jurnali // 2000. Jeltoqsan.
- 2 «Internet jelici Qazaqstandik segmentinin (Qaznet) biringay aqparattiq qenictigin qaliptactiru men damitudin 2008 – 2012 jildarga arналған тұжырымдамасы» туралы Qazaqstan Respublikaci Ukimetinin 2008 jilgi, 17 cauridegi №358 Qaulıci.
- 3 <http://www.alexacom>.